



## **ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ОНЫ АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Торешова Қарлығаш<sup>1</sup>, Ерхожина Шаттық<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Сүлейман Демирел университетінің І курс магистранты  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
Алматы, Қазақстан

*Аңдатпа*

Қазіргі таңда білім берудің мақсаты нақтыланып, білімді тұлғаның қажеттілігіне сай бағыттау маңыздылығы артуда. Осыған орай дарынды балалардың ынта, қабілетін оятып, жан-жақты дамытуға басымдық беріледі. Мақалада дарынды балаларға арналған мектептерде оқушылардың зияткерлік қабілеттерін арттырудың тиімді жолдары қарастырылды және зияткерлік деген терминнің мәнін түсіндіріп, оны дарынды тұлғалардың бойында арттырудың жолдары жан-жақты талқыланды. Тәуелсіз еліміздің мәдениетін, әдебиетін, экономикасын дамытуға өз үлесін қосатын зияткерлік потенциалы жоғары тұлғаларды тәрбиелеп шығарудың маңызы дәлелденді.

*Түйін сөздер:* зият, зияткерлік, дарындылық.

XXI ғасыр білім берудің мақсаты нақтыланып, білімді тұлғаның қажеттілігіне сай бағыттау маңыздылығы артуда. Жалпы қоғамның алдында тұрған негізгі міндет ғасыр ағымына лайық интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру.

Кез келген ұлттың дамуы ондағы адам капиталының дамуымен тікелей байланысты. Ал, адамның дамуы – оның интеллектісінің жоғары болуы, толысуы, қоғам мен заман, бүгін мен болашақта қойылатын талаптарға сай болуы.

Интеллект және оны құндылық ретінде түсіну қазіргі адамның санасының игілігі болып табылады және ежелгі дәуірдегі мәдениетке белгілі. Ежелгі грек философиясында интеллектті жетілдіру мен өсірудің түрлі тәсілдері, атап айтқанда, оқу-жаттығу білім мазмұны әзірленді.

Дамыған өркениетті қоғамда дарынды балалар ұлттық байлық ретінде қарастырылады. Антикалық дәуірдің өзінде дарынды балалар білім беру үдерісінің ерекше субъектілері болған. Бұл дарынды балалардың жетекшілері сол кездегі ұлы ғұламалар: Аристотель, Сократ тағы басқалар болған. Сол философ ғалымдар арқылы сол кездегі дарынды балалар элиталық білім алды. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның зияткерлік элитасын тәрбиелеудің іргетасы болуға қабілетті мектептер құру қажет», деп дарынды балаларды қолдауға шақырып, көптеген бағдарламаларды іске асырды. Оның бір дәлелі, еліміздің барлық аймақтарынан ашылып, нәтижелі өнім беріп жатқан : «Назарбаев Зияткерлік Мектептері», дарынды оқушыларға арналған «Білім-Инновация» мектептері, «О. Жәутіков» атындағы математикалық мектеп, т.б.

Жалпы «интеллект» ұғымына ғылымда, философияда біртұтас анықтама жоқ. Зерттеу жұмысымының аясындағы басты проблема «интеллект» анықтамасы болды.

А. Н. Леонтьева, Н.С. Лейтеса, К.М. Гуревич т.б еңбектерінде интеллект ұымына - жинақталған білім қорының функциясы, сондай-ақ осы білімді алу мен пайдалануды қамтамасыз ететін ойлау операциялары ретінде қарастырылады.

Шын мәнінде, бұл сипаттама адамның ойлау формалары, тәсілдері мен мазмұнын көрсетеді. Бұл интеллект сынақтарын диагностикалайды.

Неміс психолог, философы Вильгельм Штернмен 1912 жылы «Интеллект коэффициенті» деген терминді енгізген. Ол адамның ақыл-ой жасын хронологиялық жасқа бөлу нәтижелерін зияткерлік дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қолдануға ұсыныс жасады.

Төрт жылдан кейін – 1916 жылда интеллект коэффициенті бірінші рет Стенфордбеннің интеллект шкаласында қолданылды.

Жоғары дамыған интеллект пен көп оқыған адамды ажырата білу керек. Өйткені көп оқыған адам көптеген қызықты мәліметтерді білуі мүмкін, алайда оларды талдай, салыстыра, логикалық ойлай алмауы мүмкін.

Бүгінде ерте жастан бастап қолдануға болатын ақыл-ой дамуының көптеген жолдары пайда болды. АҚШ және Еуропаның басқа да дамыған елдері мектептерінің білім беру бағдарламасына қосымша уәждемелік өзгерістер тудыратын бағалау, ынталандыру құралы ретінде интеллектіні тексеру әдістерін қолдану енгізілген.

Адам психикасы-бұл қоршаған әлемді белгілі бір жолмен қабылдау және оған жауап беру қабілеті екенін білесек, онда ақыл-ой дегеннің не екенін түсіну қиын емес.

Зият - адам қызметінің барлық: ақыл-ой, эмоциялық және физикалық жақтарын қамтитын психиканың сапасы. Бұл өзінің даму деңгейі негізінде әр түрлі жағдайларға бейімделу қабілеті. Басқаша айтқанда, жақсы дамыған интеллект- бұл үйлесімді дамыған тұлғаның синонимі, ішкі әлем байлығының физикалық дамуымен ұштасуы.

Жыл сайын оқушылардың ақыл-ой қызметіне қойылатын талаптар артып келе жатыр. Сондықтан соңғы уақытта оқу мерзімі ұзартылып, игерілетін білім көлемі ұлғаюда. Бірақ мұндай процестің белгілі бір шекарасы бар екені анық. Оқу уақытын шектеусіз арттыру мүмкін емес.

Осы уақытқа дейін оқыту жүйесін жетілдіру бойынша педагогиканың күш-жігері оқытудың мазмұнын жақсартуға және сапасын арттыруға бағытталған болатын. Оқытудың жаңа әдістері әзірленді.

Білім беру мазмұнындағы сапалы өзгерістерге сүйенетін дарынды балалармен жұмыс стратегиялары:

- оқытуды дербестендіру- өзіндік тұлғалық қызметтерін толыққанды ашу, дамытуға жағдай жасау;
- ойлауға баулу – баланың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін мақсатты дамыту бойынша жұмыс;
- әлеуметтік біліктілік – мектептердің жоспарларына енгізілетін арнайы біріктірілген бейіндік курстар. Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасты түзету бағыты;
- зерттеушілік оқыту – дайын білімдерінен өзге оны ұйымдасқан шығармашылық түрде іздеу негізін құрайтын шағармашылық қабілеттерді дамыту;
- қосымша білім беру – дарынды баланы анықтау, дамыту, қолдау.

Ү.Б. Жексенбаева -дарынды балалардың ой-өрісінің деңгейі жоғары, қабілетті, тәрбиелі, еңбексүйгіш, жауакершілігі мол, күш-жігері жоғары балалар мектептегі жетістікпен бітіреді.

Қазақстандық ғалым Л. Нарикбаеваның пікірінше, зияткерлік дарындылықтың дамуы әлеуметтік факторларға, соның ішінде танымдық және менталды тәжірибеге де байланысты. Және оқушының дарындылығын тек оның интеллект коэффициентінің жоғары көрсеткіші бойынша анықталмайды, себебі зияткерлік көрсеткіші өмір барысында ауысып отырады.

Зияткерлік дарындылық қалыптасу үшін мұғалім оқушының оқу үрдісін тиімді ұйымдастыра алу қажет. Мұғалім оқушыларды әрдайым ізденушілік іс-әрекетке бағыттап отыруы қажет.

Жасөспірім кезеңдегі оқушылардың зияткерлік дарындылығын қалыптастырудың мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай зияткерлік дамуы мен жеке адамның дарындылығын дамыту» мәселелері енгізілген. Дарынды балаларды дамыту және оқыту мәселесіне педагогикада, психологияда, философияда, физиологияда көп көңіл бөлінген.

Танымдық тапсырмалар оқушының зияткерлік және шығармашылық қызметінің барлық алуан түрлілігін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік беретін жүйе құрауы және репродуктивті, формальды-логикалық әрекеттерден - шығармашылыққа көшуді қамтамасыз етуі тиіс.

Дәстүрлі сабақ, әдетте, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық ресурстарын қолданады, даму міндеттері мазмұнды екінші жоспарға жылжытылады.

Сондықтан мұғалім үшін сабақ құрылымына сабақтың мазмұнына негізделген дамыту тапсырмаларын енгізу маңызды. Бұл екі мақсатқа қол жеткізіледі: мазмұны беріледі және зияткерлік және шығармашылық қызметті дамыту міндеттері жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерді білім, шеберлік, дағды деп қарастырмайды, бірақ оларды тез меңгеруді, бекітуді және тәжірибеде тиімді

пайдалануды қамтамасыз етеді. Сондықтан шығармашылық қабілетін – есте сақтау, зейінді, қиялды дамыту үшін психикалық механизмдердің даму деңгейінің маңызы зор екенін атап өтпеуге болмайды. Психологтардың мәліметтері бойынша, дәл осы қасиеттер оқушылардың өнімді ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізі болып табылады.

Жаңа педагогикалық технологиялар бойынша зияткерлік-әлеуетті дамытуды қолдау әдістері:миға шабуыл, ойлау қызметі, іскерлік ойын, психологиялық тренинг, тапсырмаларды шығармашылық тұрғыдан орындау, ойын, қиялмен жұмыс, ерікті іс-қимыл жағдайын, қалыптастыру, шығармашылық ізденіс, жоба, сабақтан тыс үйірмелер.

Қорытындылай келе, зияткерлік қабілетті арттыру барысында мектеп алдындағы тұрған мақсат -халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді көзқарас пен жоғары білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметке қатыстыру, оқушыларды өмір жолында туатын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен табуға үйрету, Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің таңдаулы дәстүрлеріне сәйкес жалпы орта білімнің инновациялық моделін құру, оқушылар өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, өздері үшін жауапкершілікті ала білу, мұның өзі өмір барысында жиналатын білімнің негізі болатын өзін-өзі оқыту мен дамыту дағдыларын алуды, осы білімді шығармашылық күйде қолдана білуді білдіреді. Мектеп осы жағдайларда өз оқушыларының бойында жинақылық, серпінділік, сындарлылық қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне әзірлеуі тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Интеллектуалды әлеуеттен - интеллектуалды ұлтқа» ұжымдық монография. Алматы, 2012. - 216 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020». 17 қаңтар, 2014 ж. – Астана.
3. Руссо Ж-Ж. Педагогические сочинения: В 2-х т. - М.: Педагогика, 1981. - Т.
4. Дидро Д. Очерки по истории педагогики./ под ред. Н.А. Константинова, М., 1952, С. 79-82.
5. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта // Психология мышления. - М.: Прогресс, 1969, с.531.
6. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта // Психология мышления. - М.: Прогресс, 1969, с. 531.
7. Кант И. Критика чистого разума - М.: ЭКСМО, 2006. -736 с..
8. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001510>